

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы акционерлерінің
кезектен тыс жалпы жиналысының
ХАТТАМАСЫ**

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 17 мекен-жайы бойынша орналасқан «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Қоғам») акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы (бұдан әрі – «Жиналыс») 2018 жылдың 22 қаңтарында Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғ., 17, конференц-зал, 3-қабат мекен-жайында сағат 10.00 минутта өткізілді.

Қоғамның атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері: Басқарма, Қазақстан Республикасы, 010000, Астага қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17.

М.А. Оразбеков Жиналыстың ашылғаны туралы жариялады және Қоғамның есеп комиссиясының төрайымы Нұрмағамбетова Ләззат Қалыбекқызына сөз берді.

Есеп комиссиясының төрайымы 2017 жылғы 22 желтоқсандағы жағдай бойынша «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ ұсынған Қоғам акционерлерінің тізіміне сәйкес Қоғам орналастырған акциялардың жалпы саны 74 357 042 дананы, оның ішінде басымдықты акциялар – 4 136 107 дананы, жай акциялар – 70 220 935 дананы құрайтындығын хабарлады.

Қоғамның Жиналысына мыналар қатысып отырды:

1. «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» акционерлік қоғамы тарапынан «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының өндірісті оңтайландыру жөніндегі департаменті директорының орынбасары, 43 087 006 қарапайым акциялардың иесі Тебериков Дамир Данилбекұлы (2018 жылғы 18 қаңтардағы № 113-37 сенімхат бойынша) қатысты;

2. Дауыс беруші акцияның номиналды ұстаушысы Deutsche Bank Trust Company Americas («ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-ның АДҚ депозитарийі) компаниясының тарапынан 96 716 571 АДҚ-ны құрайтын 16 119 428 қарапайым акцияның ұстаушысы болып табылатын Аманжолова Айжан Айтбайқызы (2018 жылғы 18 қаңтардағы сенімхат бойынша) қатысты;

3. 126 667 қарапайым акцияның иегері «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ тарапынан Шәріпов Мұрат Тұрсынұлы (2018 жылғы 19 қаңтардағы № 41 сенімхат бойынша) қатысты;

4. 4 330 қарапайым акцияның иегері «Halyk Finance» Қазақстан Халық Банкі еншілес ұйымы» АҚ-ның тарапынан Сүндетова Замира Серікқызы (2018 жылғы 19 қаңтардағы №0074 сенімхат бойынша) қатысты;

5. 349 қарапайым акцияның иегері «Сентрас Секьюритиз» АҚ-ның тарапынан Сүндетова Замира Серікқызы (2018 жылғы 18 қаңтардағы № н/з сенімхат бойынша) қатысты;

6. 22 296 қарапайым акцияның иегері «Firebird Republics Fund, Ltd» компаниясының тарапынан Муравицкий Александр (2018 жылғы 17 қаңтардағы № 07/2018 сенім хат бойынша) қатысты;

7. 4 620 қарапайым акцияның иегері «Firebird New Russia Fund, Ltd» компаниясының тарапынан Муравицкий Александр (2018 жылғы 17 қаңтардағы № 08/2018 сенім хат бойынша) қатысты;

8. 74 003 қарапайым акцияның иегері «АлЮр» ЖШС-дан Балкенов Самат Балкенұлы (2018 жылғы 16 қаңтардағы № н/з сенімхат бойынша) қатысты;

9. 18 314 қарапайым акцияның иегері Қасымбекова Галинаның тарапынан Есенгелдіқызы Әсел (2018 жылғы 19 қаңтардағы №265 сенімхат бойынша) қатысты;



10. 619 басымдықты акцияның иегері Күйкенов Нұрлан Әнуарбекұлы қатысты;

11. «Венчурный фонд Сентрас» ЖШС-ның тарапынан 66 басымдықты акцияның иегері Сүндетова Замира Серікқызы (2018 жылғы 5 қаңтардағы № н/з сенімхаты бойынша) қатысты.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 13 бабының 3-тармағына сәйкес, басымдықты акция акционерге жоғарыда көрсетілген баптың 4-тармағында белгіленген жағдайларды есептемегенде, қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейді.

Жиыны: Жиналысқа қатысу және онда дауыс беруге құқығы бар Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санынан жиыны 89,5%-ға ие акционерлердің 9 өкілі тіркелді.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы (бұдан әрі – «Акционерлік қоғамдар туралы» Заң) 45-бабының 1-тармағының негізінде егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған сәтке акционерлердің тізіміне енгізілген, оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, жиыны қоғамның дауыс беруші акцияларының елу және одан көп пайызына ие акционерлер мен олардың өкілдері тіркелсе акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселелері бойынша қарауға және шешім қабылдауға құқылы.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, жиналыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша өткізу және дауыс беру үшін кворум бар.

М.А. Оразбеков Қоғам Жиналысының төрағасы етіп «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының атқарушы вице-президенті – қаржылық директоры Қарабаев Дәурен Сапарәліұлын сайлауды ұсынды.

Аталған мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 43 192 604 дауыс.

Дауыс бергендер:

- «Қолдап» - 43 192 604 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс берілген жоқ.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды: «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының атқарушы вице-президенті – қаржылық директоры Қарабаев Дәурен Сапарәліұлы Қоғам Жиналысының төрағасы болып сайлансын.

М.А. Оразбеков Қоғам Жарғысының 10.39-тармағына сәйкес Қоғамның корпоративтік хатшысы Қоғам Жиналысының хатшысы болып табылатындығын хабарлады. Осыған байланысты Қоғам Жиналысының хатшысы етіп – Қоғамның корпоративтік хатшысы Шошанов Сәкен Бақытжанұлын сайлау ұсынылды.

Аталған мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 6 дауыс.

- «Қолдап» - 6 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс берілген жоқ.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды: Қоғамның корпоративтік хатшысы Шошанов Сәкен Бақытжанұлы Қоғам Жиналысының хатшысы болып сайлансын.



A handwritten signature in blue ink, consisting of several loops and a long horizontal stroke, located in the bottom right corner of the page.

Одан әрі, Жиналыстың төрағасы Қоғамның Жиналысында дауыс берудің тәртібі мен нысанын акционерлердің назарына жеткізді. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы 50-бабының 1-тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру мына: 1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда бір акционерге ұсынылатын акциялар бойынша дауыстардың ең жоғарғы санын шектеу; 2) директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беру; 3) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқы бар әр адамға акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің процедуралық мәселелері бойынша бір дауыстан беру жағдайларын қоспағанда, «бір акция – бір дауыс» принципі бойынша жүзеге асырылады. Күн тәртібінің барлық мәселелері бойынша дауыс беру нысанын ашық тәсілмен белгілеу ұсынылды.

Аталған мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 7 дауыс

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 7 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс берілген жоқ.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды: Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы 50 бабының 1-тармағына сәйкес дауыс берудің тәртібі; Қоғамның Жиналысында күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс берудің нысаны – ашық тәсілмен белгіленсін.

Қоғам Жиналысының төрағасы Д.С. Қарабаев Қоғам Жиналысының хатшысы С.Б. Шошановқа сөз берді, ол күн тәртібін өзгерту бойынша ұсыныстардың түспегенін хабарлайды. Сондай-ақ, С.Б. Шошанов күн тәртібі мәселесі бойынша сөйлеушілерге он минутқа дейін, жарыссөздерде сөйлеушілерге бес минутқа дейін, дауыстарды санау жөніндегі есеп комиссиясына жеті минутқа дейін уақыт беруді ұсынды.

Аталған мәселе бойынша басқа ұсыныстар түспегендіктен, мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 7 дауыс

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 7 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс қалды» - дауыс берілген жоқ.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды: Қоғам Жиналысының мынадай жұмыс регламенті бекітілсін: күн тәртібінің мәселелері бойынша сөйлеушілерге он минутқа дейін, жарыссөздерде сөйлеушілерге бес минутқа дейін, дауыстарды санау жөніндегі есеп комиссиясына жеті минутқа дейін.

Қоғам Жиналысының төрағасы Д.С. Қарабаев күн тәртібінің мәселесі бойынша Қоғам Жиналысының Хатшысы С.Б. Шошановқа сөз берді. С.Б. Шошанов 2017 жылғы 8 желтоқсанда Қоғамның Директорлар кеңесі акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылданғандығын хабарлады. Жиналысты шақыру туралы ақпараттық хабарлама 2017 жылғы 11 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланғандығын хабарлады. Күн тәртібіне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар түскен жоқ.

Осылайша, мынадай күн тәртібін бекіту ұсынылады:

1. «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ акцияларының қоғам оларды сатып алу кезіндегі құнын белгілеу әдістемесіне» өзгерістер енгізу туралы.

Аталған мәселе бойынша басқа ұсыныстар түспегендіктен, мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 59 457 013 дауыс.

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 59 457 013 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

Жиналыс шешім қабылдады: Жиналыстың мынадай күн тәртібі бекітілсін:

«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ акцияларының қоғам оларды сатып алу кезіндегі құнын белгілеу әдістемесіне» өзгерістер енгізу туралы.

Қоғам Жиналысының төрағасы Д.С. Қарабаев күн тәртібінің мәселесі бойынша С.Б. Шошановқа сөз берді.

С.Б. Шошанов Қоғам Жарғысының 11.1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне акциялардың Қоғамның оларды ұйымдастырылмаған нарықта сатып алуы жағдайындағы құнын белгілеу, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу әдістемесін бекіту әдістемесін бекіту жататынын хабарлады.

Қоғам акционерлері жалпы жиналысының 2008 жылғы 23 қаңтардағы шешімімен бекітілген «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ акцияларының оларды қоғам сатып алуы жағдайында құнын белгілеу әдістемесінің 8-тармағына сәйкес, ұйымдастырылған нарықта айналымда тұрған акциялар мен депозитарлық қолхаттарды Қоғамның бастамашылығы бойынша сатып алу акциялар мен депозитарлық қолхаттар айналымда тұрған бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында қалыптасқан ағымдағы нарықтық баға бойынша іске асырылады.

Алайда, 2017 жылғы 8 желтоқсанда жарияланған Қоғамның ауқымды депозитарлық қолхаттарына (бұдан әрі - АДҚ) қатысты Тендерлік ұсыныстың талаптарына сәйкес, АДҚ-ны Қоғамның бастамашылығы бойынша сатып алу бір АДҚ үшін 14,00 АҚШ доллары бағасы бойынша іске асырылады, бұл 2017 жылғы 1 желтоқсандағы (мүмкін болатын тендерлік ұсыныс туралы хабарлау күніне дейінгі сауданың соңғы күні болып табылатын) жағдай бойынша көлемі бойынша бір АДҚ үшін 11,32 АҚШ долларына тең 30-күндік орта салмақты бағаға 23,7% мөлшердегі сыйақы болып табылады. Осылайша, Тендерлік ұсыныстың шеңберінде АДҚ сатып алуды Қоғам сыйақыны қоса алғандағы көрсетілген баға бойынша жүргізілетін болады.

Осыған байланысты, акционерлердің жалпы жиналысына Әдістемеге мына төмендегі өзгерістердің енгізілуін қарау және бекіту ұсынылады:

Әдістеменің 8-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналымда тұрған басымдықты акцияларды Қоғамның бастамашылығы бойынша сатып алу Қоғамның басымдықты акциялары айналымда тұрған Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында қалыптасқан ағымдағы нарықтық баға бойынша іске асырылады.

Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналымда тұрған Қоғамның қарапайым акциялары мен депозитарлық қолхаттарды Қоғамның бастамашылығы бойынша сатып алу Қоғамның қарапайым акциялары мен депозитарлық қолхаттары айналымда тұрған Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында қалыптасқан ағымдағы нарықтық баға бойынша, не қарапайым акциялар мен депозитарлық



қолхаттардың нарықтық құнының, Қоғамның жеке капиталы мөлшерінің, Қоғамның даму жоспарына сәйкес олардың өзгеру келешегінің және өзге де факторлардың есебімен директорлар кеңесі белгілеген баға бойынша іске асырылады».

Қоғам акционерлері жалпы жиналысының Әдістемелікке жоғарыда көрсетілген өзгерістерді енгізу туралы шешім қабылдауы Тендерлік ұсыныстың күшіне енуі үшін қажетті үш талаптың бірі болып табылады.

Мәселе дауысқа салынды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 59 457 013 дауыс.

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 59 447 016 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - 9 997 дауыс.

Жиналыстың шешімі қабылданды:

Әдістеменің 8-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

«Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналымда тұрған басымдықты акцияларды Қоғамның бастамашылығы бойынша сатып алу Қоғамның басымдықты акциялары айналымда тұрған Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында қалыптасқан ағымдағы нарықтық баға бойынша іске асырылады.

Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналымда тұрған Қоғамның қарапайым акциялары мен депозитарлық қолхаттарды Қоғамның бастамашылығы бойынша сатып алу Қоғамның қарапайым акциялары мен депозитарлық қолхаттары айналымда тұрған Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында қалыптасқан ағымдағы нарықтық баға бойынша, не қарапайым акциялар мен депозитарлық қолхаттардың нарықтық құнының, Қоғамның жеке капиталы мөлшерінің, Қоғамның даму жоспарына сәйкес олардың өзгеру келешегінің және өзге де факторлардың есебімен директорлар кеңесі белгілеген баға бойынша іске асырылады».

Күн тәртібінің мәселесі бойынша шешім қабылданғаннан кейін, Қоғам Жиналысының Төрағасы Д.С. Қарабаев акционерлерге жиналысқа қатысқандары үшін алғыс айтып және жиналысты жабық деп жариялады.

Қоғам Жиналысы 11 сағат 00 минутта жабылды.

Акционерлердің жалпы
жиналысының төрағасы

_____ Д. Қарабаев

Акционерлердің жалпы
жиналысының хатшысы

_____ С. Шошанов

Есеп комиссиясының
мүшелері:

_____ Л. Нұрмағамбетова

_____ А. Әлиакпарова



Қарапайым акциялардың
10%-нан астамына ие
акционерден

Ш. Искаков

Қарапайым акциялардың
10%-нан астамына ие
акционерден

Д. Тебериков

А. Аманжолова

